

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20__ года

2023 жылғы 31 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә.Смайыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Атырау облысы аса ірі донор ретінде республика экономикасының дамуына, соның ішінде, бюджетінің қалыптасуына сүбелі үлес қосып жүргені мәлім. Атырау облысы Ұлттық қордың 60%-ін, республикалық бюджеттің 30%-ін беріп мемлекеттік қазынаны толықтырып келеді. Жергілікті бюджет кірістерінің 30%-і республикалық бюджетке тағы алынуда.

Атырау облысы жергілікті бюджет есебінен бюджеттік алымдар беру бойынша 1 орында, ал облысқа берілетін нысаналы даму трансферттері бойынша 12 орында.

Облыста түйіні шешілмеген, халық тарапынан жүйелі түрде көтеріліп келе жатқан түйткілді мәселелер аз емес. Атап айтсақ, Атырау облысы өз халқының тұрғын үйге, мектептерге, балабақшаларға, сапалы жолдарға, медициналық объектілерге, ауыз сумен, электрмен үздіксіз қамтамасыз етудегі қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмай отыр. Облысымызда халықаралық талаптарға сай әуежай, теміржол вокзалы, концерт залдары, спорт ареналары мен орталықтандырылған кәріз жүйелері, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жоқ.

Бүгінгі таңда, ғасырдан астам мұнай өндіріліп келетін Жылыой, Мақат, Исатай аудандарының, мұнайлы Астана – Атырау қаласының архитектуралық келбеті, әлеуметтік нысандардың жай-күйі қайта жаңғыртуды қажет етеді. Құрманғазы ауданының Сүйіндік, Балқұдық ауылдарына әлі күнге дейін жол мәселесі шешілмеген.

Ойлап қарасақ, қаншама әлеуметтік жағдайлар тек қана қаржыға тіреліп тұр. Жергілікті атқарушы органдарға облыстағы қаражат

тапшылығы, әсіресе, даму бюджетінің шектеулі болуы өңірдің өзекті мәселелерін шешуге қолбайлау болып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеп отырғаны жасырын емес. Бұл проблема, негізінен, жергілікті бюджеттен алып қоюлардың, сондай-ақ, республикалық бюджеттен трансферттердің жеткіліксіз болуы салдарынан туындап отыр.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, төмендегідей ұсыныстарды енгіземін:

1. Мәселені оңтайлы шешу үшін бюджетті жасақтау методикасын өзгертіп, Атырау облысының жергілікті бюджетінен алып қоюлар механизмін қолданбау ұсынылады.

2. Бюджеттік алып қоюларды жою жергілікті бюджеттің салық базасын республикалық бюджетке беру есебінен жүзеге асырылмауы керек. Мысалы, 2023-2025 жылдарға республикалық бюджетті жасақтау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин және дизель отынына акциздердің түсімін республикалық бюджетке аудару мәселесі көтерілген.

3. Даму бюджеттерін есептеуде донорлық өңірлер үшін көтермелеу коэффициентін ұлғайту қажет. Бұл жерде биыл тұңғыш рет қолданылып отырған коэффициент үлкен қолдау екенін ризашылықпен атап өтемін. Алайда, оның қазіргі деңгейі (*табыстың 5,4% ғана*) жеткіліксіз, оны табыстың 30% кем емес көлемде қарастыру қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Атыраудың мұнайы – елдің байлығы, ортақ игілік екенін жақсы түсінеміз. Мұнайдан түскен пайда халықтың тұрмыс жағдайын, әлауқатын жақсартуға бағытталуы тиіс.

Бүгінде атыраулықтардың Үкіметке бір ғана талабы бар, өз бюджетіміз – өзімізге бұйырса, өз қаражатымыз – облыста қалса екен дейді.

Тікелей Сіздің бастамаңызбен атыраулықтардың сұранысы мен талап-тілегі ескеріледі, ұсыныстарымыз қабылданады деп сенеміз!

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Депутат

«AMANAT» фракциясының мүшесі

Ә. Жұбанов